

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі
«Ұлттық аграрлық ғылыми-білім беру орталығы» КЕАҚ
«Ы.ЖАҚАЕВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ КҮРІШ ШАРУАШЫЛЫҒЫ
ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ» ЖШС

**«Қызылорда облысының шөлейтті далалы
аймағында суармалы жағдайда малазықтық
дақылдарды өсірудің ерекшеліктері»**

*Ы.Жақаев атындағы Қазақ күріш
шаруашылығы ҒЗИ
Басқарма төрағасы*

*Лектор – Агротехнология, мелиорация
және топырақтану бөлімінің меңгерушісі,
а.ш.ғ. докторы*



С.Т.Тәуінбаев

Ә.М.Тоқтамұсов

Қызылорда қаласы, 2025 ж

Бүгінгі вебинардың өзекті өзегі – Қызылорда облысының шөлейтті далалы аймағында суармалы жағдайда малазықтық дақылдарды өсірудің ерекшеліктері. Бұл өлке – шөл мен даланың тоғысында жатқан, табиғаттың сынына төтеп беріп келе жатқан қасиетті мекен.

Облысымызда 280 мың гектар шамасында суармалы жер бар. Алайда қазіргі таңда тек 190 мың гектары ғана егіншілікке пайдаланылып отыр. Бұл – уақыт өткен сайын күрделене түскен су тапшылығының салдары. Кеңес үкіметі кезеңінде бұл өңірге 12-13 миллиард текше метрге дейін су берілетін болса, бүгінде сол көлемнің азғана бөлігі ғана қолымызға тиіп отыр. Осы жағдай бізді ауыл шаруашылығына жаңаша көзқараспен қарауға итермелейді.

Қызылорда ежелден күріштің Отаны саналып келді. Алайда судың азаюымен қатар, топырақтың тозуы да үлкен мәселе ретінде күн тәртібіне шықты. Жер-ананың құнары – гумус – жылдан жылға азайып барады. Жақында алынған мәліметтерге сүйенсек, топырақтағы гумустың мөлшері небары 0,3–0,5 пайыз көлемінде ғана екен. Бұл – табиғаттың бізге үн қатуы.

Сол себепті, біз мал шаруашылығын қолдап, оған қажетті азықтық дақылдарды өсіруді назарға алуымыз керек. Қазіргі таңда күріштің ауыспалы егіс жүйесінде жоңышқа мен жүгері негізгі малазықтық дақылдар ретінде өсіріліп келеді. Соңғы жылдары қант құмайы мен Судан шөбі сияқты дақылдарды жерсіндіру жұмыстары да қолға алынды. Осының барлығы – бір мақсатқа, яғни мал шаруашылығын қолдау мен топырақ құнарын қалпына келтіруге бағытталған игі істер.

Осы орайда ерекше атап өтерлік дақыл – түйежоңышқа. Бұл өсімдік екі жылда пісіп жетіледі, ал екінші жылында өздігінен шіріп, топырақта 20–24 тоннаға дейін органикалық зат қалдыра алады. Мұндай көрсеткіш жоңышқаның өзінен де асып түседі. Бұрын түйежоңышқаның құрамындағы кумарин заты малдың оны сүйсініп жемеуіне себеп болатын. Сондықтан шаруалар бұл дақылды көп еге қоймайтын. Алайда Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының ғалымдары соңғы жылдары «Алаула» деп аталатын жаңа, кумарин мөлшері төмен, мал сүйсініп жейтін сортын шығарып, оны шаруашылықтарға таратуда. Бұл жаңалық топырақтың құнарын арттырып, мал азығы мәселесін шешуге үлкен сеп болатыны анық.

Сонымен қатар, біз жүгері мен жоңышқадан бөлек, Судан шөбі, қант құмайы, магар сынды дақылдарды да зерттеу үстіндеміз. Шөлейт аймақтың қатал табиғатына бейімдеп, олардың өсіру технологияларын жетілдіру мақсатында түрлі ғылыми жобалар қолға алынған. Мысалы, дақылдардың тұқымын арнайы препараттармен өңдеу арқылы өнімділікті арттыру жұмыстары жүргізілуде. Бұл ретте Микробиология және вирусология институтымен бірлесіп, Ризовит, Фитобацерин сияқты биопрепараттарды қолдану арқылы жоңышқа мен түйежоңышқаның өсімдік қабығын жұмсартып, өсу кезеңінде қажетті микроэлементтерді беру технологиясы зерттеліп жатыр.

Біз білеміз, Қызылорданың топырағы шөгінді негізде қалыптасқан. Бірақ, өкінішке қарай, ондағы органикалық заттардың мөлшері аз. Арал

